

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
Жылдық есеп 2024-2025ж

Жыланбұзған жалпы орта білім беретін мектебінде 2024-2025 оқу жылы 1-қыркүйек күні «Мектеп-мейірім мекені!» атты салтанатты мерекелік жиын өткізілді. Мерекеге байланысты мектеп ауласына безендіру жұмыстары жүргізілді. Ту ұстаушылар мен 1-11 сынып оқушылары дайындалды.

Мерекелік жиын 2024 жыл 1 қыркүйек күні сағат 9.00-де басталды. Оқушылар сапқа тұрғызылып 1-сынып оқушылары ортаға салтанатты түрде мұғалімдерімен бірге шақырылды.

Ортаға Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы кіргізіліп, мемлекеттік Гимн орындалды. Мектеп директоры К.Алтаева салтанатты жиынды ашып, ұстаздар мен оқушыларды құттықтады.

1-11 сынып оқушылары дайындаған бағдарлама көрсетілді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы шығарылып, мектеп оқушылары дайындаған концерттік бағдарлама көрсетілді. Зейнеткер мұғалімдер құттықтады.

Алғашқы қоңырауды соғу рәсімі өткізіліп, 1-сынып оқушылары салтанатты түрде өз сыныптарына кіргізілді.

